

## Жаңалықтар

6B04102 –«Қаржылық аналитика» БББ бойынша 4 курс, 07-046-22-09 және 07-046-22-10 топтарының білім алушылары үшін «Родина» ЖШС-нде дуалды оқыту туралы ақпарат

Практикалық тәжірибе алмасу үшін 2025 жылғы 3 қазанда С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің 046-«Қаржылық аналитика» БББ 4 курс студенттеріне Ақмола облысы Целиноград ауданының Родина ауылына «Родина» ЖШС-не сүт шаруашылығының ұйымдасуымен танысу мақсатында барды.

Агрофирма «Родина» — көпсалалы ауыл шаруашылығы кәсіпорны.

Олардың негізгі қызметтері мыналар: дән мен элитті тұқымдар өндіру, сақтау және сату, сүт өндірісі және оның қайта өңделуі (сүт, айран, ірімшік, май және т.б.), ет өндіру, жеміс-көкөніс және картоп, басқа да бақша дақылдарын өсіру, ауыл шаруашылығы қызметтер көрсету (агротехникалық қызметтер), құрылыс материалдарын өндіру және сату.

Студенттер «Родина» агрофирмасына баруында сүт өнімдері зауытының қызметімен танысты.

Университеттің ПОҚ, кафедра докторанттары және студенттер қатысты. Студенттер сүт зауытының қызметіне, жұмыстың ұйымдастырылуына, мемлекеттік қолдау сұрақтарына қызығушылық танытты, талқылауға катысып, өз сұрақтарына жауап алды.



ОӘЖ жауапты Г.М. Мукашева

«Қаржы, есеп және аудит» БББТ жетекшісі З.М.Шаукерова